Бекітемін
«.....................» бөбекжай
балабақша меңгерушісі:
..................................

**Оқу және тәрбие жұмыстарын бақылау және басқару**
**2021-2022оқу жылы**

| № | Мазмұны | Бақылау түрі | топ | мерзімі | жауаптылар | Қорытындылау |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы | шолу | барлық | қыркүйек | Меңгеруші БАИСБАЕВА А | №1 м.ж.к |
| 2 | Ата-аналармен жұмыс жоспарлау түрлері, жүргізілуі | жедел | Ересектер топтарында | қыркүйек | Меңгеруші БАИСБАЕВА А | №1 м.ж.к |
| 3 | Бастапқы мониторинг | Жан-жақты | барлық | қыркүйек | Меңгеруші БАИСБАЕВА А | №1м.ж.к |
| 4 | «Таным» білім беру саласы жұмысының жүргізілу | тақырыпты | Кіші топта | қараша | Меңгеруші БАИСБАЕВА А | № 2 м.к |
| 5 | Аралық мониторингтің қорытындысы | Жан-жақты | барлық | қаңтар | Меңгеруші БАИСБАЕВА А | № 3 м.ж.к |
| 6 | «Шығармашылық» білім беру саласы жұмысының жүргізілуі | тақырыпты | Ерте жас топта | желтоқсан | Меңгеруші БАИСБАЕВА А | № 3 пед.к |
| 7 | «Денсаулық» білім беру саласы жұмысының жүргізілуі | тақырыпты | Ересектер тобы | қазан | Меңгеруші БАИСБАЕВА А | № 4 мең. к. |
| 8 | Сауықтыру шараларының жоспарлануы және ұйымдастырылуы | тақырыпты | Ортаңғы топта | наурыз | Меңгеруші БАИСБАЕВА А | № 4мең.кеңес |
| 9 | «Әлеумет» білім беру саласы жұмысының жүргізілуі | жедел | ортаңғы топтарда | наурыз | Меңгеруші БАИСБАЕВА А | № 5 м.ж.к |
| 10 | Қорытынды мониторинг | Жан-жақты | барлық | мамыр | Меңгеруші БАИСБАЕВА А | №5 Мең.кеңес |

## «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру анықтамасы

07. 09.2021ж   Тексергендер:
Меңгеруші ____________БАИСБАЕВА А
Мейірбике ____________БЕРДІМАХАНБЕТОВА Ж
Әдіскер ______________АЙТМЫРЗАЕВА

Балабақшада 4 топ жұмыс істейді, әр топта тізім бойынша __100_бала тәрбиеленуде. Балабақша ғимараты ағымды жөндеуден өткен. Аула көгалдандырылған. Балалардың далада еркін ойнауы үшін топтарға саяжайлар жасалған. Аулада ойын атракциондары қойылған. Талапқа сай боялған. Алаңдағы ағаштардың қураған бұтақтары мен қураған гүлдер алынып тасталған. Балалар қауіпсіздігі ескерілген.
.

**«ҚАРЛЫҒАШ» ересек тобы , тәрбиеші**
**Топта жөндеу жұмыстарының жүргізілуі:** Топта сырлау, әктеу жұмыстары жүргізілген, топтың іші таза, жарық.
Бөлмелердегі терезелерге тұтылған перделер , еденге кілемдер жуылып төселген.
Жиһаздар сапасы: Ойыншық сөрелері таза, ойыншықтар жуылып , кептіріліп қойылған.
Балалар кереуеті 2 қабатты, бала санына толық жеткілікті. Ақ жаймалар 2 ауысымға толық қамтылған және белгіленген. Балалар сүлгілері бала санына толық жеткілікті.
Ыдыстар: бала санына түгел, сапасы қанағаттанарлық. Жарамсыздығы тексеріліп, шеті ұшқан ыдыстар пайдаланылудан алынып тасталған. Көмекші тәрбиешіге керекті ыдыстар (тамақ таркату, әкелу және жууға аналған) толық жеткілікті.
Топта кезекші бұрышы, табиғат бұрышы бар. Дамытушы бұрыштары (кітапхана, дүкен, шаштараз) жабдықталып, көрнекіліктері қойылған.
Тәрбиешінің құжаттары мен көрнекіліктер сапасы
Топтың іші таза,тазалық жұмыстары кесте бойынша жүргізіледі.
Топта балалар тізімі анықталып, бекітілген. Балалар құжаттары жинақталған.
Тәрбиеші сенсорлық дамытуға арналған ойындар, шығармашылық саласына арналған керекті құралдарды толықтырған.
Кемшілігі: Дене шынықтыру оқу іс әрекетіне арналған құралдар, ойын атрибуттары жоқ.
Әр түрлі тақырыптарға арналған жинақталған картиналар жоқ.

**«БАЛДЫРҒАН» кішітобы. Тәрбиешісі:**

Топ бөлмелері ағымдағы жөндеуден өткен.Төсектері таңбаланып ,екі ауысымдық төсек-жаймалары түгел. Табиғат бұрышы гүлмен толықтандырылған, дамыту бұрыштары жасақталған.
Жиһаздар сапасы: Топта ойын және сабақ зонасындағы жиһаздармен жөндеуден өткен,қабылдау бөлмесінде балалар киіміне арналған шкафтар таза.
Балалар кереуеті 2 қабатты, бала санына толық жеткілікті. Балалар сүлгілері бала санына толық жеткілікті , барлығы маркировкаланған.
Ыдыстар: бала санына түгел, сапасы қанағаттанарлық. Көмекші тәрбиешіге керекті ыдыстар (тамақ таркату, әкелу және жууға аналған) толық жеткілікті.
Тәрбиешінің құжаттары мен көрнекіліктер сапасы:Бала тізімдері ілінген, сабақ кестесі бекітіліп, ілінген.
Топтың іші таза,тазалық жұмыстары кесте бойынша жүргізіледі.
Балалар құжаттары жинақталған.
Тәрбиеші театр түрлері, дене шынықтыруға арналған керекті құралдар,қимылды ойындар, шығармашылық саласына арналған керекті құралдарды толықтырған.Қоршаған ортамен таныстыруға арналған альбомдар топтамасы бар.
Топ теледидар, ДВД-мен қамтамасыз етілген.
Кемшілігі:
Таным саласы бойынша көрнекіліктері, қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру оқу қызметі бойынша жасаған үлестірме материалдары аз,сапасы нашар, толық емес.

**«Ата-аналармен жұмыс жоспарлау түрлері, жүргізілуі»**
**жедел жүргізілген тексерудің анықтамасы**

15.09.2021жыл.

Жылдық жоспардың ата-аналармен жұмыс жоспарлау түрлері және жүргізілуі жұмысын бақылау мен басқару бөлімінде бекітілген, жедел тексеру мақсатында, барлық топтарда жедел тексеру жүргізілді.

Тексеру барысында анықталғаны:

«ҚАРЛЫҒАШ» ересек тобында-тәрбиешілер

Жоспарланған түрі:

| № | Мазмұны | Мерзімі | Мазмұны |
|---|---|---|---|
| 1 | Ата-аналар жиналысын өту | Қазан<br>Желтоқсан<br>Мамыр | «Жаңа оқу жылы құтты болсын!»<br>«Төрлет жаңа жыл!»<br>«Біз мектепке барамыз!» |
| 2 | Ата-аналармен танысу мақсатында сауалнама жүргізу | Қыркүйек<br>Желтоқсан<br>Мамыр | «Сіз өз балаңызды жақсы білесіз бе?»<br>«Бала тәрбиесінде қандай әдіс-тәсілдерге сүйенесіз?»<br>«Балаңыз балабақшаға баруға дайын ба?» |
| 3 | Ата-аналарды ертеңгіліктерге шақыру | Қараша<br>Желтоқсан<br>Наурыз<br>Сәуір<br>Мамыр | «Алтын күз»<br>«Төрлет жаңа жыл!»<br>«Ана- өмір шуағы»<br>«Біз еңбекқор баламыз»<br>«Біз мектепке барамыз» |
| 4 | Ата-аналарды көрмелерге қатыстыру | Қараша<br>Желтоқсан<br>Желтоқсан<br>Наурыз | «Жапырақтар композициясы»<br>«Суретші қыс»<br>«Біз күштіміз»<br>«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша «Менің әжемнің бұйымдары» |
| 5 | Спорттық отбасылық сайыстарға қатыстыру | Сәуір<br>маусым | «Толағай»<br>«Біз тату-тәтті отбасымыз» |
| 6 | Ашық есік күндеріне шақыру | Желтоқсан<br>Сәуір | «Астана-Отанымыздың жүрегі»<br>«Математика ханшайымы қонакта» |

Дене шынықтыру оқу қызметіне арналған құралдар толық емес.

**«БАЛБӨБЕК»ортаңғы топты. Тәрбиешісі:**

Топ іші жарық және кең, жылы. Топта әсемдік, кітап бұрышы, табиғат бұрышы, ойын бұрышы бар. Балаларға арналған үлестірмелі, көрнекіліктері бар. Балалардаң сөйлеуді дамыту барысында ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары бар, алайда жеткіліксіз. Балалардың толық білім алуына жағдай жасалған. Сонымен қатар баланың денсаулығын нығайту үшін әр балаға жалауша, секіртпе, доп, құрсау, гимнастикалық таяқшалармен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар спорт алаңы бар. Алаңда балалардың бір қатармен жүгіруіне арналған сызықтары бар.

Кемшілігі: Балалардың төсек-жаймасы бала санына сай болғанымен белгіленіп, таңбаланбаған.

**«БОТАҚАН» ерте жас тобы. Тәрбиешісі**

Ерте жас тобында топ тазалығы жақсы. Ойыншықтары бар.табиғат бұрыштары жасалған, төсек-жаймалары белгіленіп, сүлгілер бала санына жеткілікті.

Барлық топтардағы ұйымдастырылған оқу қызметі стандарт талабына сай алынған, жүктемелері және жұмсалатын уақыт дұрыс жоспарланған. Ойыншықтары сертификатталған.

Ұсыныс:

1. Топтада үлестірме материалдар жеткілікті дайындалсын.
2. Дене шынықтыру оқу қызметіне арналған құралдар, ойын атрибуттары жасалсын.
3. Оқу қызметіне арналған картиналар топтамасы жинақталсын.
4. Театр топтамалары жеткілікті дайындалсын.
5. Үстел-орындықтар жедел түрде жөнделіп түгелденсін.

Дене шынықтыру оқу қызметіне арналған құралдар толық емес.

**«БАЛБӨБЕК»ортаңғы топты. Тәрбиешісі:**

Топ іші жарық және кең, жылы. Топта әсемдік, кітап бұрышы, табиғат бұрышы, ойын бұрышы бар. Балаларға арналған үлестірмелі, көрнекіліктері бар. Балалардаң сөйлеуді дамыту барысында ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары бар, алайда жеткіліксіз. Балалардың толық білім алуына жағдай жасалған. Сонымен қатар баланың денсаулығын нығайту үшін әр балаға жалауша, секіртпе, доп, құрсау, гимнастикалық таяқшалармен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар спорт алаңы бар. Аланда балалардың бір қатармен жүгіруіне арналған сызықтары бар.

Кемшілігі: Балалардың төсек-жаймасы бала санына сай болғанымен белгіленіп, таңбаланбаған.

**«БОТАҚАН» ерте жас тобы. Тәрбиешісі**

Ерте жас тобында топ тазалығы жақсы. Ойыншықтары бар.табиғат бұрыштары жасалған, төсек-жаймалары белгіленіп, сүлгілер бала санына жеткілікті.

Барлық топтардағы ұйымдастырылған оқу қызметі стандарт талабына сай алынған, жүктемелері және жұмсалатын уақыт дұрыс жоспарланған. Ойыншықтары сертификатталған.

Ұсыныс:

1. Топтада үлестірме материалдар жеткілікті дайындалсын.
2. Дене шынықтыру оқу қызметіне арналған құралдар, ойын атрибуттары жасалсын.
3. Оқу қызметіне арналған картиналар топтамасы жинақталсын.
4. Театр топтамалары жеткілікті дайындалсын.
5. Үстел-орындықтар жедел түрде жөнделіп түгелденсін.

# Балабақшаның бастапқы білім деңгейін бақылау мониторингі

## Анықтамасы

07.10.2021ж

Балабақшаның жылдық жоспарына сай 2021-2022 оқу жылында атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарына тексеру жүргізілді. Тексеру нәтежесі мынадай болды.

Балабақшада педагог жұмыс істейді, .... педагог жоғары, .... педагог арнаулы орта білімді. Барлық топтардағы жүктемелер Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына сай. Оқу-тәрбие жұмыстары «Үлгілік оқу» бағдарламасымен жүргізілген. Топ тәрбиешілері балалардың білімдерін бағалау индикаторын әр топта жүргізіп, білім деңгейін шығарып отырған.

Балабақша бойынша мониторинг көрсеткіші I- төмен деңгейде 12 % , II- орташа деңгейде 50 % , III- жоғары деңгейде 38 % болғанын айтып, алдағы жыл бойы жақсы нәтижелерге қол жеткізу керектігін айтып өтті. Тәрбиешілер келісім берді.

Топтар бойынша мынадай болды:

Ерте жас «БОТАҚАН» топ - I-деңгейде-18%, II-деңгейде 55%, III-деңгейде-27%

Кіші топ «БАЛДЫРҒАН» I-деңгейде-18%, II-деңгейде 72%, III-деңгейде-10%

Ортаңғы топ «БАЛБӨБЕК» I-деңгейде-15%, II-деңгейде 50%, III-деңгейде-35%

Ересек «ҚАРЛЫҒАШ» I-деңгейде-12%, II-деңгейде 50%, III-деңгейде-38%

Тәрбиешілердің топты қалыптастыруы, ата-анамен жұмысы, балалармен жеке жұмысы, шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыстары тексерілді.

Кемшіліктер: Дамыту орталықтарында қажетті материалдар аз, тәрбиешілер жеке іс-тәжірбиелері әлі де болса ізденуді талап етеді.

Тексергендер:
Комиссия төрайымы:
Меңгеруші: БАИСБАЕВА А
Комиссия мүшелері:
Мейірбике: